



Құрметті профессор-оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылар!



Сіздерді келе жатқан жаңа 2025 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Бәріміз де жыл соңында өткенімізді ой елегінен өткізіп, болашағымызға жаңа жоспар құрамыз. Бір-бірімізге жылы тілегімізді арнап, сый-құрмет көрсетеміз. Тәуелсіз еліміздің берекелі бірлігі мен тұрақтылығы осындай жарқын сәттерден құралатыны анық.

Жәңгір хан университетінің ұжымы үшін де 2024 жыл елеулі жетістіктер мен толағай табыстарға толы болды. Университетімізде еліміздің аграрлық және техникалық салаларына білікті кадрлар даярлау мақсатында білім беру бағдарламалары әзірленіп, тәжірибелі оқытушыларымыз осы бағыттағы жұмыстарымызды жүйелі жүзеге асыруға жұмылдырылды. Сонымен қатар осы жылы 9 оқытушы «500 ғалым» халықаралық бағдарламасының стипендиясын иеленіп, шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарда



тағылымдамадан өтіп, біліктіліктерін арттырды. Білім ордасының ғалымдары отандық ғылымды дамытуға өз үлестерін

қосып, түрлі бағытта ғылыми зерттеулерін жүргізуде.

Білім алушыларымыз түрлі деңгейдегі додалар мен байқауларда топ жарып, биік белестерді бағындырды. Екі студентіміз қаржылық қауіпсіздік бойынша IV халықаралық олимпиадаға Қазақстан командасымен бірге қатысып, жүлделі орыннан көрінді. «Ерке-нұр» би ансамблі ұжымы республикалық «Дала сазы» байқауында гран-при жеңіп алып, халықаралық байқауға жолдама алды. 3-курс студенті, байдарка мен каноэ есуден халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мария Бровкова төртжылдықтың дүбірлі додасы – Парижде өткен жазғы олимпиадаға қатысып, өз бағын сынады. Жылдың тағы бір жаңалығы – «Мәдениет және өнер» студиясының жанынан шығармашылыққа жақын жастардың басын қосқан «Ұшқын» студенттік театрының тұсауы кесілді. Ал белсенді студенттеріміз өздерінің шеберліктері

мен таланттарын дәлелдеп, «Oral jastary-2024» фестивалінде I орынды иеленді.

БҚАТУ жастары биылғы жылы орын алған көктемгі су тасқыны кезінде де жұмыла әрекет етіп, төтенше жағдайды еңсеруде облыс және қала тұрғындарына барынша қолдау көрсетті. «Жәңгір хан ұрпақтары» волонтерлік қозғалысының облыс бойынша «Жоғары оқу орындары арасындағы үздік волонтерлық ұйым» атануы – осындай игілікті істерінің жемісі.

Біз болашаққа үлкен сеніммен және оптимистік көзқараспен қараймыз. Төрімізге енетін жаңа жылда да сүйіншілер жаңалықтарымыз көбейсін. Жаңа жылдың әрбір сәті баршаңыздың шаңырақтарыңызға мол қуаныш пен бақыт сыйласын. Жаңа мүмкіндіктер мен тың идеялардың жылы болсын!

Мереке құтты болсын!

Ізгі тілекпен, басқарма басшысы-ректор А.М.НАМЕТОВ

Қос мерейтой



Жәңгір хан университетінде табанды еңбек етіп, әріптестері мен шәкірттерінің сый-құрметіне бөленіп жүрген ғалым-ұстаздар аз емес. Солардың бірі – техника ғылымдарының докторы, профессор Бекет Нуралин 70 жастың желкенін керсе, Цифрлық даму орталығының директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Гаухар Камалова мерейлі 50 жасқа толды.

Қос мерейтой иесін де университет ұжымы құттықтап, ізгі тілектерін арнады. Ардагер ұстаз Бекет Нұрғалиұлын әріптестері саннан гөрі сапаға баса мән беретін, адалдықты ұстанатын жан ретінде үлгі тұтады. Осындай аға буынның ізінен ерген ғалым-ұстаз Гаухар Әбдүмүтәліпқызын ұжымы білікті маман, іскер басшы, сыйлы әріптес, лайықты көшбасшы деп таниды.

Сан мыңдаған түлектерді қанаттандырған университеттің мәртебесі осындай ұстаздық тұлғасы биік, ғылымдағы жолы дара оқытушыларымен асқақтай түспек!



«Жәңгір хан ұрпақтары» – жыл үздігі

Жәңгір хан университетінің «Жәңгір хан ұрпақтары» волонтерлық қозғалысы биылғы жылдың қорытындысымен облыс бойынша «Жоғары оқу орындары арасындағы үздік волонтерлық ұйым» атанды.

Өзге қайырымдылық іс-шараларын айтпағанның өзінде биыл өңірімізде орын алған көктемгі төтенше жағдай кезінде жәңгірхандық еріктілердің уақытпен санаспай, күнделікті қапшықтарға құм толтыру, өзен жағасындағы бөгеттерді биіктету, су тасқыны қаупі бар аумақтарда қорғанысты күшейту, эвакуациялық орындарды дайындау, өңірімізге келіп жеткен гуманитарлық көмектерді жүк көлігінен түсіру және халыққа тарату жұмыстарына белсене атсалысқаны есімізде.

Жәңгірхандық еріктілер ұйымының жетекшісі Балауса Илиясованың айтуынша, аталмыш волонтерлық қозғалыс 2018 жылы өз жұмысын бастаған екен. Содан бері бүгінгі күнге дейін өз жұмысын қалыптаты жалғастыруда.



– Қазіргі таңда қатарымызда әр институттың 1-4 курс студенттерінен құралған жүзден астам ерікті жас бар. Олардың барлығы да ешкімнің күштеуінсіз өздері қосылды. Біз жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін бірінші курстарды салтанатты түрде қабылдау шарасында өзіміздің волонтерлық қозғалысты оқуға түскен студенттерге таныстырамыз. Оларды қатарымызға шақырамыз. Осыдан кейін білім алушылар біздің ұйымға өздері қызығушылық танытып жатады. Біз еріктілерді жыл бойына қабылдаймыз, – дейді Балауса Тарғынқызы.

Қатарлары ешқашан сиремеген университеттің ерікті жастары облыс, қала көлеміндегі түрлі іс-шараларға өз үлестерін қосып, жақсы бастамалардың басы-қасынан табылады. Мысалы, ерікті жастар «Ардагерлерді ардақтайық!» акциясы аясында егде жастағы зейнеткерлердің үйлеріне барып тұрады. Жалғызбасты қарияларға үй шаруасына жәрдемдесіп, аулаларын тазалап, қолдан келген көмектерін аямайды. Сонымен

қатар мерекелерде Зашаған кентіндегі «Отбасылық үлгідегі балалар ауылына» арнайы барады. Ол жердегі тағдыр сынына ұшыраған ұл-қыздарға жақсы көңіл күй сыйлап, қызықты іс-шаралар ұйымдастырып, көңілдерін сейілтуге тырысады. Оған қоса жыл сайын қасиетті Рамазан айында ауыз бекіткен жандарға су, құрма таратады. Күннің ыстығына да, суығына да қарамастан, көше тазалап жүретін аға-апаларды да елеусіз қалдырмайды.

Биыл көктем айларында еліміздің бірқатар өңірлерінде жарияланған төтенше жағдайды әлі ешкім ұмыта қоймағаны анық. Соның ішінде Батыс Қазақстан облысы мен Орал қаласында да су тасқыны орын алып, көптеген отбасылар зардап шекті. Осындай сын сағатта Жәңгір хан университетінің еріктілері де жерлестерімізге қолұшын созып, өздерінің азаматтық парыздарына адалдық танытты.

(Жалғасы 4-бетте)



Жылдың елеулі жаңалықтары

Тағы бір жылды тарих қойнауына сырғытып, жаңа 2025 жылға қадам басқалы тұрмыз. Жыл соңында жасалған жұмыстарды қорытындылап, алдағы жылға жоспар құру – бұлжымас заңдылыққа айналғаны ақиқат. Ендеше Жәңгір хан университеті оқытушылары мен білім алушыларының да 2024 жылы жеткен жетістіктерін саралап көрейік.

Ветеринария және агротехнология институты



Биылғы жыл «Ветеринария және агротехнология» институты үшін жетістіктерге толы болды. «Ветеринария» білім беру бағдарламасы бойынша 8 докторант (Ж.Т.Усенов, Ә.И.Қарағұлов, Д.Е.Габдуллин, А.С.Ищанова, Б.О.Ертлеуова, Ә.Р.Қожаева, А.Қ.Жұмабаев, Ж.С.Күшмұханов) диссертацияларын сәтті қорғады. Сондай-ақ аталған білім беру бағдарламасы бойынша тағы 2 оқытушы (Б.Т.Қадралиева, Б.М.Сидихов) PhD дәрежесіне ие болды. Бұлардан бөлек тағы 3 оқытушы (С.М.Баянтасова, К.Е.Мұрзабаев, Е.А.Батырғалиев) қауымдастырылған профессор атағын алды.

Институт ғалымдары ағымдағы жылы ғылыми жобалар конкурсына қатысып, 6 жоба ұтып алды. Атап айтқанда, А.М.Наметов, Қ.Ж.Көшәлиев, Б.Н.Нәсиев, Б.М.Сидихов, А.Г.Нагиева, А.Ж.Оразов қаржыландырылған ғылыми жобалармен айналысуда. Халықаралық «Болашақ» бағдарламасы арқылы «500 ғалым» жобасының стипендиаты атанған 8 ғалым (М.К.Мусина, Т.Ә.Байбатыров, З.Амангелдіқызы, А.Қ.Жұмаева, Л.Ж.Душаева, Н.С.Монтаева, А.Г.Нагиева, Ә.Қ.Ақкереева) шетелде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Институттың 1-курс білім алушылары институтаралық «Бірінші курс-2024» байқауында гран-при жеңімпазы атанды.

Индустриалды-технологиялық институт

Индустриалды-технологиялық институтында биыл оқу процесі бойынша жаңа білім беру бағдарламалары ашылды, соның ішінде 6B07304 – «Гидромелиорация» және 6B07207 – «Мұнай өндіру объектілерін пайдалану және қызмет көрсету» БББ бойынша Уфа мемлекеттік мұнай-техникалық университетімен қосдипломдық білім беру бағдарламасы ашылды.

Институттың профессор-оқытушылары жоспар бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, сертификат иеленді. Атап айтқанда, Б.Е.Хамзина мен Н.М.Жұмағалиева («Общая, структурная геология и работа с геологическими картами») Әзірбайжан елінде біліктіліктерін арттырды. Ал Ж.Г.Джигильдиева («Определение кадастровой стоимости объектов недвижимости»), Ж.Б.Тасанова («Проведение комплексных кадастровых работ»), Н.М.Үмбетқалиев («Создание тематических карт для землеустройства и кадастров на основе пространственных данных с использованием геоинформационных систем и технологий») Ресейдің Мәскеу қаласында болды.

«Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі – рейтинг» (IQAA-Ranking) өткізген ұлттық рейтинг қорытындысы бойынша институттың 2 білім беру бағдарламасы тобы жүлделі



орынға ие болды. Яғни, «B074 Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс» БББ тобы алты университеттің ішінде II орынды иеленсе, «B075 Кадастр және жерге орналастыру» – бес университеттің арасынан II орынды жеңіп алды. Биыл «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (IAAR) өткізген ҚР-ның «ЖОО талап етуінің ұлттық рейтингі» нәтижелері бойынша институттың келесі білім беру бағдарламаларының топтары жүлделі

орындарға ие болды: B271-Мұнай-газ ісі – I орын; B075-Кадастр және жерге орналастыру, B074-Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс – III орын.

Ғылыми жұмыстар бойынша осы жылы институт профессоры, т.ғ.д. С.Ә.Монтаев бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасын, ал институт доценті, т.ғ.к. М.Қ.Оңаев коммерциализация бойынша жобаны ұтып алды. Бұл жобалар институттың ғылыми әлеуетін

арттыруға және инновациялық шешімдерді енгізуге мүмкіндік береді.

Институт білім алушылары республикалық олимпиадаға қатысып, жүлделі орындардан көрінді. Айталық, 6B07302-«Жерге орналастыру» БББ бойынша Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде өткен олимпиадада құрамында Шамшырақ Есенғалиева, Айдос Жексенов, Дана Махсетова болған команда III орынға қол жеткізді. Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясында өткен білім сайысында 6B07303-«Кадастр» БББ білім алушылары Нұрай Зинеденова, Айгерім Ермекова, Есенкелді Нұрланов II орынды иеленді. Студенттер қазіргі заманғы бұқаралық мәдени жарыстарда да жүлделі орындарға ие болды. ГРПИ-41 тобының студенті Рамазан Жұмаш – «Жайдарман» ойындарынан Орал қаласы әкімі кубогының жеңімпазы; Атырауда өткен «Жайдарман» ойындарының 3-орын иегері; Астанада өткен ұлттық лига «Жайдарман» ойындарының финалисті.

Сонымен қатар білім алушылар мен оқытушылар жыл бойына қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысты. 2024 жылды қорытындылай отырып, институт қызметінің негізгі көрсеткіштерінің оң динамикасын атап өтуге болады.

Түрік елінде болды

Политехникалық институттың оқытушылары жыл соңында Түрік еліндегі өндіріс ошақтарында болып, ауқымды байланыс орнатты.

Ғалым-ұстаздар «Органикалық және минералды тыңайтқыштарды бір мезгілде енгізе отырып, бау-бақша және орман дақылдарына арналған отырғызу машинасын дайындау» ғылыми жобасы аясында ауылшаруашылығы техникасы өндірісі бойынша Түркия елінің Эскишехир қаласындағы «Toscapa» зауытында болды. Кездесу жоғары деңгейде өтіп, дөңгелек үстел және ауылшаруашылығы машиналарын құрудың технологиялық процесін сипаттайтын өндірістік ғимараттарға саяхат ұйымдастырылды. Нәтижесінде тараптар өзара ынтымақтастық туралы келісімге келді. Сондай-ақ оқытушылар Конья қаласындағы ауылшаруашылығы техникаларын шығаратын «HMS» зауытының жұмысымен танысты. Кез-



десу барысында зауыттың өндірістік желісінен және ауылшаруашылығы техникаларын жасау технологияларынан хабардар болды. Зауыт басшысы өздерінің

тәжірибелерімен бөлісіп, білім беру мекемелерімен өзара ынтымақтастық туралы әңгімелеп, жобаның сәтті жүзеге асуына тілектестігін білдірді.

Құрметті университетіміздің профессор-оқытушылар құрамы!

Сіздерді Жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа жыл сіздерге бақыт, денсаулық, шығармашылық табыс және жаңа жетістіктер әкелсін. Сіздердің білімдеріңіз бен тәжірибелеріңіз кейінгі жастардың болашағын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Өткен жылда атқарған еңбектеріңіз бен жетістіктеріңіз ұшан-теңіз.

Жаңа жылда барлық бастамаларыңыз сәтті жүзеге асын, ал әрбір күн қуаныш пен шабытқа толы болсын! Сіздерге отбасылық бақыт, тыныштық және молшылық тілеймін. Жаңа жылда жаңа жетістіктер мен жеңістерге бірге жетейік!

**Ізгі тілекпен,
Индустриалды-технологиялық институтының директоры
Гүлхан Мұратбекқызы Губайдуллина**



Үздік оқытушы атанды

Жәңгір хан университетінің үш ұстазы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2024» республикалық байқауында жеңімпаз атанды.

Олар: ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Қайсар Жалитұлы Көшәлиев, «Ветеринария және агротехнология институтының» директоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Біржан Елубайұлы Нұрғалиев, «Ветеринариялық және биологиялық қауіпсіздік» зертханасының меңгерушісі, ветеринария ғылымдарының философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Лаура Жанеділқызы Душаева.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз!



Қос дипломды білім беру: мүмкіндіктері мен артықшылықтары

Қос дипломды білім беру – бұл екі университетте бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша сәйкес оқу орындарының дипломдарын алғаннан кейін қатарлас білім алу мүмкіндігі.

Қазақстандық жоғары білімнің халықаралық білім кеңістігіне интеграциялануының басым бағыттарының бірі – қос дипломды білім беру болып табылады. Қос дипломды білім беру бағдарламасы бойынша оқуды сәтті аяқтаған студенттерге қазақстандық және шетелдік диплом беріледі.

Қазіргі жаһандық даму кезеңінде еліміздің білім беру саласында тұрған негізгі міндеттердің бірі – мемлекетіміздің білім беру саласының халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету. Яғни барлық өңірлердегі жоғары оқу орындарында әлемнің жетекші университеттерінің рейтингіне енуге ұмтылу жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Жалпы осы тұста қос дипломды білім бағдарламалары халықаралық білім беру кеңістігіне бірігудегі маңызды тәжірибелік жаңа жол десек те болады. Бұл бағыт жоғары оқу орнының білім сапасын арттыру, ғылыми зерттеулер жүргізу және мамандар даярлау бойынша өз ұстанымы бар Жәңгір хан университетінің 2025-2029 жылдарға



жоспарланған стратегиялық даму жоспарына және Болон процесінің негізгі қағидалары мен ережелеріне сәйкес келеді.

Әлемдік білім беру кеңістігінде бәсекеге қабілетті болу тұрғысынан университеттің қос дипломды білім беру бағдарламасының артықшылықтарына келетін болсақ, ол:

- халықаралық тәжірибе;
- оқу бітіргеннен кейінгі жұмыс перспективалары;
- серіктес университеттердің жетекші

оқытушыларының прогрессивті білімдерін игеру.

Сәйкесінше осы бағдарламаны тандап, білім аламын деген талапкерлерге төмендегідей оқыту шарттары қойылады:

- жақсы оқу үлгерімі;
- шет тілін еркін меңгеру;
- білім алушылардың басқа серіктес ЖОО-да білім алуға қызығушылығы;
- оқу бағдарламасының қаржылық қамтамасыз етілуі.

Осыған дәлел ретінде БҚАТУ-да Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетімен «» білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлаудың қосдипломды бағдарламасына келісім орнатып, бірлескен әрекет жүргізіп жатыр. Себебі екі серіктес университеттің білім беру бағдарламалары бойынша оқыту нұсқасы (көбінесе отандық және шетелдік) нәтижесінде студент үлкен білім мен дағдыларды, сондай-ақ екі бірдей оқу орнын бітіргені туралы куәліктерді алады.

Уақыт талабы бойынша екі жоғары оқу орнында бірлескен білім беру бағдарламасына сәйкес бір мезгілде оқып, содан кейін тиісті университеттердің дипломдарын иеленеді. Халықаралық білім беру бағдарламалары бойынша Жәңгір хан университетінің студенттері серіктес жоғары оқу орындарының же-

текші оқытушыларынан тиісті шетелдік білім мен тәжірибе алады.

Осы мәселеге қатысты жасалынған талдау жұмыстары бойынша мұнай-газ саласына жаңа заманауи бағыттар мен бағдарламаларды жетік білетін инженерлер өте қажет. Айта кететін тағы бір мәселе, бірлескен екі дипломды білім беру бағдарламалары – ресейлік және шетелдік жоғары білімнің бірегей үйлесімі, ол жұмысқа орналасуға және магистрлік бағдарламаларға түсуге кең мүмкіндіктер береді. Университеттің бағдарламасын екі рет оқып-үйренудің қажеті жоқ, пәндердің көпшілігі екі дипломға да есептеледі, серіктес ЖОО арасында академиялық кредиттерді аудару тегін жүргізіледі, оқу аяқталғаннан кейін студенттерге әр серіктес университеттің дәрежелері беріледі. Бұл сіздің уақытыңыз бен ақшаңызды үнемдейді.

Мектеп бітіруші түлектерді жаңа Қазақстанның даму бағытында оқу орындарында ұйымдастырылып жатқан жаңа мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Жәңгір хан университетінің қос дипломды бағдарламасын меңгеруге шақырамыз.

Бақытжан БУРХАНОВ
техника ғылымдарының кандидаты, доцент,

«ҚР ғылым және білім саласына сіңген еңбегі үшін» медалінің иегері

Актуальные антропозоозы Западно-Казахстанской области: бешенство, как важная составляющая нозопротифля инфекционных болезней животных

Известно, что одним из эпизоотологических параметров популяции сельскохозяйственных животных является их эпидемиологическая опасность. А это в первую очередь порождается наличием и функционированием на изучаемой территории заразных болезней, общих для животных и человека.

В нозологическом профиле заразной патологии животных по Западно-Казахстанской области сохраняют потенциальную эпидемиологическую угрозу следующие зоонозы: бруцеллез, бешенство, пастереллез, сибирская язва и другие. Установлено, что рабической инфекции на протяжении многих лет принадлежит важная роль в формировании эпизоотологической и эпидемиологической опасности в области. Все это дает основание утверждать о выраженности эпидемиологической опасности популяций сельскохозяйственных животных в регионе за счет наличия в нозологическом профиле болезней, общих для животных и людей.

По данным департамента комитета государственного эпидемиологического надзора МЗ РК, на территории изучаемой области случаи эпидемиологической проекции бешенства, бруцеллеза и других нозозов за последние годы имели место быть.

Для более углубленного изучения

нозологического профиля заразных болезней животных в регионе провели экспертную оценку результатов скрининговых исследований по выявлению главного этиологического фактора болезней животных, составляющих их нозологический профиль в регионе. В ходе исследования было установлено, что нозопротифль инфекционной патологии в Западно-Казахстанской области в основном сформирован 8 нозоединицами. Наиболее значимыми за анализируемый период оказались бруцеллез, эмкар, бешенство, пастереллез и сибирская язва. Большинство из них являются инфекциями, общими для животных и человека в период 2020-2024 гг. из 13 административных районов и городов среднегодовое эпизоотическое проявление паразитарной системы рабической инфекции было отмечено в каждом районе области (100%). Аутохтонные (природные, дикие) эпизоотические очаги бешенства установлены в 7 административных



районах и городах (53,8%): среди диких животных 22 эпизоотических очага, в том числе среди лисиц, волков, енотовидных собак и корсаков. В последующем в течение 2024 календарного года на территории области возникло 3 эпизоотических очага рабической инфекции среди собак и кошек, а в дальнейшем – 6 очагов среди с/х животных.

На территории области нозологический профиль инфекционных болезней представлен следующими патологиями:

бруцеллез, эмкар, бешенство, пастереллез, лейкоз, яшур, среди которых бешенство занимает третье место.

За последние 4 года на территории Западно-Казахстанской области было выявлено 8 основных инфекционных заболеваний, по которым зарегистрировано 295 неблагополучных пунктов.

За период 2020-2024 годы только по бешенству зарегистрировано 50 случаев заражения животных в 12 районах области, из них 22 случая среди диких плотоядных (15%) и 26 случаев среди синантропных животных (17%). Большую часть заболевших составляют сельскохозяйственные животные-102 случая (68%). Самые высокие показатели неблагополучия отмечены в Акжайском, Бокейординском, Жангалинском и Сырымском районах. Проблема бешенства в области стала очень актуальна в связи с прогрессирующим распространением болезни среди диких животных — так называемое природное бешенство. Эпизоотия среди диких животных приводит к росту заболеваемости сельскохозяйственных животных, прежде всего крупного рогатого скота.

Марина СВОТИНА,
доктор PhD, н.о.доцента института
Ветеринарии и агротехнологии

(Басы 1-бетте)

–Біздің еріктілеріміз тасқынды бөгеу жұмыстарында белсене еңбек етті. Сондай-ақ университетіміздің жатақханасындағы эвакуациялық орындарға орналасқан отбасыларға демеу болды. Олардың балалары үшін танымдық іс-шаралар ұйымдастырды. Жан-



жақтан келген гуманитарлық көмектерді таратты, – дейді «Жәңгір хан ұрпақтары» волонтерлік қозғалысының жетекшісі Б.Илиясова.

Университет еріктілерінің атқарып жүрген игілікті істерін олардың Instagram, TikTok

әлеуметтік желілеріндегі парақшаларынан көруге болады. Себебі осы желілердегі жарияланымдарға жастар арасында қызығушылық көп болғандықтан, сол арқылы да жастарды өз қатарларына тартуды көздейді. «Жәңгір хан ұрпақтары» қаламыздағы «Орал

жастары» және «Жайық жастары» волонтерлық ұйымдарымен етене байланыста. Жуырда жылды түйіндеген еріктілеріміз өздерінің жұмыстарын қорытындылап, жыл бойына қоғамдық шараларға белсене атсалысқан волонтерлерді түрлі аталымдармен университет

басшылығы атынан марапаттады. Сол кешке өңіріміздегі өзге де волонтерлық ұйымдардың өкілдері қатысып, БҚАТУ-дың ерікті жастарының ұйымшылдығы мен еңбекқорлықтарына тәнті болды.

–Ерікті болу жасқа қарамайды. Бұл – адамның бойындағы жақсы қасиеттердің бірі. Негізінен волонтерлікпен айналысу – кез келген адамның қолынан келеді. Керісінше, адамдарға жақсылық жасау арқылы өзінің мәртебең жоғарылайды. Адамдардан алғыс алған кезде ең алдымен ата-анаң қуанады, сені мақтан тұтады. Үлкендер батасын бергенде, өзің де шабыттанып кетесің. Өзіңнің қоғамдық жұмысқа деген ынтан арта түседі. Бойындағы жақсы қасиеттерің де ашыла түседі. Бізді үнемі қолдайтын университетіміздің басшылығына, қолдан келген көмегін аямайтын Жастар бастамасын дамыту орталығының директоры Қанат Болатұлына және сол орталықтың маманы Гүлнұр Асқарқызына алғысымыз шексіз. Ал ерікті жастардың



қатарында Аружан Ибраева, Мағжан Қажығали, Мейрамбек Советов, Ернұр Мәкенов сынды мақтауға тұрарлық жастар бар. Жыл соңында «Жоғары оқу орындары арасындағы үздік волонтерлық ұйым» атанған кездегі сезімімізді тіптен сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Бұл – үлкен жауапкершілік, әрі қарай да белсенді жұмыс жасауымызға серпін берді, – дейді ерікті жәңгірхандықтардың көшін бастап жүрген Балауса Илиясова.

Волонтер жастардың ең басты мақсаты – қоғамға өз пайдаларын

тигізу. Кез келген жағдайда ең бірінші болып көмекке келетін де – солар. Өз қалауларымен, шынайы пейілдерімен өзгелерді қуантып жүрген университет еріктілерінің мұндай істеріне еріксіз сүйсінесің. Қазақта «Кең болсаң, кем болмайсың» деген даналық сөз бар. Айналасына ізгілік нұрын шашып жүрген жастардың жақсылығының шарапаты өздеріне еселеніп қайтары сөзсіз. Ендеше, сіздер де солардың қатарына қосылуға асығыңыздар, жас достар!

Ләззат ҚАЖЫМОВА

Тарихи маңызы зор шара

Жәңгір хан университетінде Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған «Жошы ұлысы – Қазақ мемлекеттілігінің тарихи бастауы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға оқытушылар мен «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» студенттері қатысты.

Дөңгелек үстелді жүргізген аға оқытушы, тарих ғылымдарының кандидаты Есқайрат Хайдаров Жошы ұлысының қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қосқан үлесін атап өтіп, іс-шараның маңыздылығын түсіндірді. Университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов Жошы ұлысының тарихи маңыздылығы мен қазақ халқының мәдениеті мен тарихындағы орны туралы айтып, дөңгелек үстел басында құнды мәліметтер айтылатынына сенім білдірді. Бұдан әрі аға оқытушы, философия докторы (PhD) Мақсат Жанғожиев, «Парасат»



ақпараттық-білім беру орталығының директоры Айгүл Есенаманова, оқытушы, магистр Алмас Тельманов, «Ветеринария және агротехнологиялар институтының» студенттері Ақберен Сансызбаев пен Ай-

шат Урынтаева, «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының» білім алушылары Альмира Саурбаева мен Қарақат Бозшина «Сарайшық – Жошы ұлысының рухани

астанасы», «Қазақ тарихы – шетел жылнамаларында», «Бату хан кезеңіндегі Алтын Орданың сыртқы саясаты», «Жошы хан және оның ұлысы», «Алтын Орда және оның мұрасы», «Ақ Орда мемлекетінің саяси тарихы», «Қазақ хандығы – Жошы ұлысының тарихи жалғасы» тақырыбында баяндамалар оқыды. Олар өздерінің зерттеу жұмыстары мен ойларын ортаға салып, Жошы ұлысының Қазақ мемлекеттілігіндегі орны мен маңызын қайта жаңғыртудың жолдарын ұсынды. Іс-шараға қатысушылар Жошы ұлысының тарихы мен мәдениеті туралы деректермен танысты. Жалпы мұндай іс-шаралар қазақ тарихын зерттеуші студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми жұмыстарына септігін тигізетіні сөзсіз. Ал жастардың тарих ғылымына деген қызығушылықтары артып, ғалымдар мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастық беки түсті.

«Жалпы даму және кәсіби білім беру педагогтарын даярлау орталығы»

STUDENT ҚАЛАМЫНАН

Жемқорлыққа қарсы күресу – менің борышым

Сыбайлас жемқорлықты «ауру» деп атау дұрыс сияқты. Ол біздің қоғамды іштен ірітетін дерт сияқты. Елдің дамуына кедергі жасап, адамдар арасындағы сенімді бұзады, адалдықты әлсіретеді. Адамдар бір-біріне сенбесе, алға қалай қадам басамыз? Сол себепті жемқорлықты жою – бәріміздің ортақ міндетіміз деп ойлаймын.

Мектепте жақсы оқып, арман қуып жүрген әрбір жас үшін жарқын болашақ керек. Бірақ



жемқорлықтың таралуы осы үмітті әлсіретеді. Оны тек шенеуніктер немесе байлар ғана жасайды деп ойлау – қате. Кейде қарапайым өмірдің өзінде сыбайлас жемқорлық кездеседі. Пара беру арқылы біреудің жұмысқа кіруі, емтиханнан өтуі немесе дұрыс қызметке орналасуы – бұл әділдікке қарсы нәрсе. Осындай жағдайда, жас болсам да мен болашағымды таза және адал қоғамда көргім келеді. Меніңше, тек әділдікті таңдай білетін адамдар ғана қоғамның болашағын жарқын етеді.

Сыбайлас жемқорлықтың

түрлері көп: пара алу, қызмет бабын асыра пайдалану, таныс арқылы жұмысқа кіру – бұл тек бастамалары ғана. Өкінішке қарай, мұндай жағдайлар білім беру мен денсаулық сақтау салаларында да жиі кездеседі. Егер жоғары білім беру жүйесінде пара беріп, жақсы баға алып шығатын болсақ, біз қалай кәсіби маман боламыз? Ал денсаулық сақтау саласында жемқорлық орын алса, науқастардың сапалы ем алу мүмкіндігі азаяды. Осылайша, жемқорлық біздің болашағымызға үлкен зиянын тигізеді.

Мектептегі спорт жарыстарында мен командалық ойындардың қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Біреу жеңіске әділетсіз жолмен жетуге тырысса, басқа ойыншылардың сағын сындырады емес пе?! Жемқорлық та сол сияқты өмірдегі «ойынның» ережелерін бұзады. Ал әділ ойында бәрінің бірдей мүмкіндігі болуы керек. Сондықтан да біз сыбайлас жемқорлықпен күресуді өзімізден және бүгіннен бастауымыз қажет.

Айтуған МИЗАМ,
Политехникалық институттың студенті**Меншік несі:**

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА**Компьютерде беттеуші және дизайнер**
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 584 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru